

A.K.Eshiyev, G.A.Anarbayeva, K.A.Smadiyarov

**Psychological causes of changes of masculinity**

This article analyzes the causes of psychological transformation of masculinity. The article says that the realities of daily life shows that the public has big psychological problems. According to the author, that psychological problems are a major factor in the transformation of masculinity in Kyrgyz society. The Company revises those basic masculine qualities, which were laid to any man since childhood, and the man is hard to maintain the standard male role. Many men experience gender role conflict.

ӨОЖ 378.02:159.955

Д.Қ.Сапабеков

*С.Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (E-mail: dosmuhammed\_86@mail.ru)***Жоғары оқу орнында студенттердің парасатты ойлау өнерін қалыптастырудың заңдылықтары мен қағидалары**

Мақалада жоғары оқу орнында студенттердің парасатты ойлау өнерін қалыптастырудың заңдылықтары мен қағидалары қарастырылды. Ойлау өнерінің бірінші заңдылығы ретінде ұлттық сананың білім мазмұнымен өсу-өркендеу жолдарын табу мәселесіне басымдық берілді. Екінші заңдылық білім мазмұны мен оқыту мазмұнына жаңа философиялық көзқараспен зерделеу ұсынылды. Аталып өткен тұжырымдарды іске асырудың индикаторлары мен өлшемдіктері құрылған. Бұл білім мазмұнының ішкі құндылығын анықтауға ненің басты, ненің қосымша екендігін жіктеуге қозғаушы күш болатыны белгіленді.

*Кілтті сөздер:* ойлау өнері, парасат, заңдылық, қағидалар, ұлттық тәрбие, индикатор, қайшылық, эксперимент, когнитив, тұжырым.

Бүкіләлемдік интеллектуалды әлеует өзінің дүниетанымдық негізін білім мен ғылым біртұтас кеңістігіне жаңа философиялық пайыммен қағида шығаруға бағдарлап отыр. Бұл бағдардың нысаналы тірегі, субстанциясы зиялылық-креативтік көзқараспен қарап, әрбір ғылымнан тұжырымдар шығару жеке тұлғалардың еншісіне бағынысты екенін аңғарамыз. Олай болса, студенттердің таным-түсінігінің деңгейліктеріне тәуелді тұжырымдар легі пайда болады.

Ғылым негізі тұтастай дерлік қайшылықтан тұрады. Әлем халықтарының ойлау өнері жайлы көзқарасының тұжырымдарын бір жүйеге түсіруге ықпал жасау қиындық келтірсе де, ұлттық психология нышаны және ұлт киесі болып қалыптасқан қазақи тәлім-тәрбиені ескермесек, оның сан ғасырлық жүйесін ілгерілету траекториясын күні бұрын жобаламасак, парасатты ойлау өнері сағым қуғандай болар еді.

Жаһандасудан алшақ кете алмайтындығымыз диалектикалық заңдылық екенін ескерсек, парасатты ойлау өнері әлемдік кеңістіктегі жүйе сыңайында бір орталықтан үйлесім табуы, унификациялануы, басқарылуы, алгоритмделуі, құбылыстар мен үдерістерге түсуі біздерді терең ойға қалдырады.

Ойлау өнерінің жадау тартуының бір өткір мәселесі — ол аталған жүйенің әлі де болсын халықтық педагогика нысанында тарихи қағидамен бернеленбеуінде. Өйткені белгілі бір жанрға қатысты мәтіндемені тұтас, көкейкесті мәселеге қатысты проблемалы сұрақпен зерделеп, одан ой-тұжырым шығарудың орнына үзік-үзік цитата келтіру қанымызға сіңіп кетті. Осындай үдерістің салдарынан ойлау өнерінің мәйегі 1) игілікті өмір сүруді қамтамасыз етер мүмкіндігі; 2) қоршаған табиғаттан нәр алу сауаттылығы; 3) табиғатқа ілтипатпен қарауы. Жоғарыдағы ұлт мәйегінің жүйесі бүгінгі таңда өзінің табиғи қалпынан айрылды. Оның бір мысалы адамның өзіне-өзінің интеллектуалды-рухани күш-қуат нышаны ретінде сенімі сейіліп, ұдайы шаршап-шалдыққан жастарды көреміз.

Аталып өткен көкейкесті мәселенің туу себеп-салдарына көптеген дәлелді материалдарды кездестіреміз. Бірақ, өкінішке орай, ол тығырықтан шығу амалдары, ойлау өнері дегенге әлі де марғаулықпен қарауымыз.

Ұлттық тәрбиенің мәйегі дегенде біздер адамның қолынан келер жайттері бар да, келмейтін тұстары жоқ деген тұжырымның оған кесел екенін байқадық. Кеңестік дәуірден бері санамызға батпандап кірген бұл тұжырым мысқалдап шығатын түрі жоқ.

Антропоцентризмнің бағыты біздерді Ай мен Марсты миымызға сыйғыза алатындай сенім берді. Неғұрлым жалған ұстаным, жалған сенім миға орныққан сайын нағыз ғылыми пайым-парасат сағымдай жеткізбейді.

Бүгінгі таңда адамның қауқары шектеулі екеніне әлемдегі катаклизма, табиғи апаттар дәлел. Адам табиғатқа, микрокосмосқа тәуелді деген ұстаным — ұлттық тәрбиенің кредосы. Макрокеңістіктен адам өмір жолын дұрыс таңдай алуына ертедегі ата-бабаларымыз отбасы төңірегінде қам жасаған. Адам үшін қадірлісі — өсіп-өнген отбасы.

Отбасының сонау ежелгі түркі дәуірінен қалыптасқан ұлттық тәрбие мәйегінің жүйесінен бүгінде жұрнақ та қалмағаны баршаға аян. Ол жүйені қалпына келтіру қолдан келе ме? — деген күрделі сұраққа жауап табу әлі ертерек. Десек те, оның жүйесін ежелгі дәуір көздерінен бағамдауға мүмкіндігіміз бар [1; 26].

Әрбір студенттің табиғи мүмкіндігіне қарай өзін-өзі танып, сол перцептивті қабылдау іс-әрекетіне сәйкес тұжырым құра білуі. Кеңестік дәуірден қалған тоталитарлық жүйе таңбасы — жоғарыдағы тұлғалардың иерархиялық түсінігі барлық өзінен төмендегілерге міндет ретінде ұсынылады. Нақтылап айтсақ, бәріміздің ой-тұжырымдарымыз бірдей болу тұрғысындағы үдеріс басымдықта екеніне бірталай адам көздерін жеткізді.

Әр тұлғаның гносеологиялық, аксиологиялық, онтологиялық пайымдамасы жинаған, трансформациядан өткізген тұжырым-түйініне бағынышты. Сол себепті диагностикасыз студенттерге көпдеңгейлікті тапсырмалар беруден сақ болған абзал.

Тұжырымдама тарихтан, әдебиеттен нақтылы және жаратылыстану пәндерінен шоғырланған көзқарас және студенттің әлем, қоғам жайлы дүниетанымын құрайды. Бұл бірталай уақыт аралығында қалыптасады, өзін-өзі жоққа шығаруы қоғам өзгерісіне тәуелді болғандықтан, ол қалыптасқан көзқарасын, дүниетанымын жаңа философиялық тұрғыда жаңадан түзуі көзделеді. Міне, осындай көкейкесті өткір мәселе әлі де шешімін таппай келеді [1; 48; 2].

Тұжырымдама жүйесі бүтіндік, бейтараптылық, құралымдық, иерархиялық, ақпарат көз сияқты ұсақ бөліктерден тұрады.

Ұлттық тәрбие мәйегінің ерекшелігі — тектілік зауал (карма), яғни қарғыс алған тұқым, әулет, адам дегенді білдіреді. Сол себепті өштесу, кек алу, зұлымдық жасау және т.б. көлеңкелі іс-әрекеттерден аулақ болуға қатысты философиялық тұжырымдар басымдық мәнде екені аңғарылады. Ұлттық тәрбиенің қазақи болмысы оң жақтағы іс-әрекет, яғни жақсылық, ізгілік, мейірімділік, табандылық, айбарлылық, айқындылық, бастамашылдық, тәуекелдік және т.б. оңтайлы үдерістер адамға бақ-құт әкеледі деген тұжырым [3].

Аталып өткен тұжырымдарымызды анықтау үшін бірталай атқарып жүрген ұстанымдарымызды ортаға салуды жөн көрдік.

Ұлттық тәрбие индикаторы:

1. Адамның мәдени деңгейіндегі танымның жүйелілігі:

- жеке әлемдік көзқарас;
- жалпы көзқарас;
- кәсіптік көзқарас.

2. Өзінің пәніне байланысты ғылыми деңгейін арттырудың танымдық, маңызын үзбей дамыту жүйесінің амалдары:

- пәннің заңдылықтарын қоғам заңдылықтарымен ұштастыру;
- жеке ұжымдық таным қабілеттері;
- өздігінен танымдық деңгейліктерді шыңдау.

Екіншісінің индикаторы:

Өндірістік жағдайларға оқытудың міндетті білім мөлшерлерін ыңғайлау:

- идеологиялық;
- құқықтық;

- моральдық-этикалық;
- саяси;
- ғылыми;
- өнер (мәдени);
- діни.

Үшінші индикаторы:

- салыстыру;
- дәлелдеу;
- шығармашылық;
- рефлексиялау.

Төртінші индикаторы:

Басқарудың өзі-өзін дамыту жолдары:

- өздігінен жұмыс істеу мөлшерін, шапшаңдығын зерттеу;
- жуық уақыт аралығындағы өз-өзін дамыту құрылымын жобалау;
- өздігінен құрылған жұмысты өмірде пайдалану, бағдарлама жасау;
- рефлексиялау.

Бесінші индикаторы:

Өз-өзін дамыта басқару үрдісінің өнімді тәсілдері:

- даму деңгейін зерделеу;
- даму деңгейін жобалау;
- оны жүзеге асыру бағдарламасы;
- рефлексиялау.

Міне, жоғары оқу ғылыми жұмысының жеке студенттердің тұлғалық сипатын дамытуға бағдар берер жолдары жоғарыдағы талаптармен жүзеге асады. Бұдан кейін ұжымдық даму жүйесін қамтамасыз етерлік кеңістіктің сипатын айқындайды. Ол мынандай жүйеге құрылады:

– ұжымдағы студенттердің мәдени деңгейін айқындайтын қабілет-қажеттіліктерін дамытудың амал-тәсілдері.

I. Олардың жалпы қажеттілігі мен қабілеттерінің, мәдени деңгейінің дамуындағы көріністері:

- ұжымдық мақсатты дамытудың жүйесі;
- ұжымдық бағдарламаның даму құрылымы;
- ұжымдық ойлау әрекетін дамытудың маңызы;
- ұжымдық рефлексиялауды дамытудың жолдары.

II. Осыдан студенттердің мынандай жеке ойлау әрекетін ұйымдастырудың жүйесі шығады:

- жеке студенттің мақсатын үнемі дамыту;
- жеке студенттің пәң арқылы меңгерген өзінше топшылауы мен бағдарын дамыту;
- жеке студенттің қабілетін дамыту;
- жеке студенттің қажетін дамыту.

Сөйтіп, студенттердің ойлау әрекетін танымдық деңгейліктерін үздіксіз үнемі артып отырылуына, олардың өзін үнемі дамытуына басшылық жасалады. Бұрын тоталитарлық басқару жүйесі тексерудің негізінде құрылса, жаңаша басқару әр адамның қабілетін ескере отырып, бойындағы бар қабілет пен қажеттіліктерін өздігінше дамыта отырып, іскерлігін шыңдай түсуге бағыт береді.

Технология жүйесінде студенттер диагностиканы оқу қызметі мен бағытына негіздеп жүргізеді. Қандай тәсілмен көздеген мақсатты жүзеге асыруға болады? Міне, осындай сұраққа жауапты ол екі тәсілмен шешеді:

– айқын жүйелілікпен (қағидалар мен деңгейліктері ашылады, олардың өзара байланыстары), бұл тәсілді педагогика ілімінде таксономия дейді;

- мақсатты өте анық ережемен, түсініктемемен сипаттау.

Мұндай әрекеттегі жүйе әр студенттің ең маңыздысын теріп алуына, танымын тереңдетуіне, алғашқы мақсаттың кезеңдерін жіктеуіне, болашақтағы жұмысын айшықтауына бағдар жасайды. Нәтижесінде әр студент өзінің қабілеті мен қажет мөлшерін шығарып алып, қандай білім көлемін меңгергенін саналы түрде білетін болады. Бұл студенттерді өз-өзіне сын көзбен қарауға, әділдік әрекеттері күннен күнге дамытыла түсуіне мүмкіндік бермек.

Ойлау әрекетін дамыту технологиясы Жүсіпбек Аймауытов пен Мағжан Жұмабаев еңбектерінде де бар.

Басқаруды екі түрлі мәнде ұйымдастыруға болады:

- студенттің танымдылық (когнитивті) деңгейін эксперименталды әдістермен (тест, компьютер).
- эмоциялық деңгей (аффекті) [4,5].

Студенттермен қарым-қатынаста оқытушы мынандай етістіктерді қолданады: *талда, жинақта, сарала, ең маңыздысын жүйеле, қажеттісін меңгер, өзіңше сипатта* (интерпретировать), *бағала, есіңе, жадыға сақта, қайта құр, қолдан, өзіңше баянда* т.б. келтірілген етістіктер жалпы мақсаттардың ұжымдық ойлау әрекетін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Ал керісінше, жеке мақсат, жеке ойлау әрекетін ұйымдастыратын етістіктер мыналар: *біл, әрекеттен, ойлан, түрлі жолдарын қарастыр, түрін өзгерт, дұрыс құр, алдын алып әңгімеле, өзекті мәселені ажырат, қайшылықты бөліп ал, қарапайым жолмен баянда, жүйеле, жүйесін бұз, түйсін, меңгер* т.б.

Әрине, әр студенттің шығармашылық өзіне тән дарыны болмаса, оны мың жерден дұрыс басқарғанмен, ешбір нәтижеге жетпесі түсінікті. Бірақ студенттің бойындағы қадір-қасиетін құндай білуіне, оны одан әрі дамыта алуына басшылық жасау қарым-қатынасы мүлдем басқа. Біздің келтіріп отырған сипаттамамыз — екіншісі.

Жалпы ортақ үндестік болмайынша, оқытудың жалпы, ортақ мақсат-мұратына жету мүмкін емес.

Жинақтау жұмысын төмендегіше жүйелеуге болады:

- сыртқы жағдайларға сипаттама, рефлексиялау;
  - жуықта болатын нәтижелер, оған жеткізер мақсат пен мазмұн, әдіс-тәсілдер мен құралдар, технологиялар;
  - мақсаттың бағасын, салмағын шығарар белгі мен әдістердің белді-белді түрлері.
- Басқарудың ғылыми құрылымын пәнді пішіндеудің негізінде қарастырған:

- жүйе (пән);
- межесі;
- қасиеті;
- көрсеткіші;
- әдісі.

Ең бастысы, адам мен дүниені байланыстыратын барлық ғылым салаларына ортақ заңдылықтар мен қағидаларды сұрыптауды негізге алған. Ол үшін әр пәннің ішкі заңдылықтарының негізгі тірек нүктелерін іріктеген.

Жоғары оқу орны ұжымы мұның бәрін әр пәннің ішкі заңдары мен ережелерінен іздейді. Оның жалпы жүйесі былай болып келеді:

- дидактикалық;
- табиғилық;
- қоғамдық;
- логикалық;
- математикалық;
- тілдік.

Қорыта келгенде, оқу жоғары оқу орнының студенттері мен оқытушылары жұмысын басқарудың ғылыми жүйесі даму кеңістігінің сипатына икемделе құрылғанына көз жеткізгендейміз. Студенттер өз ісін мақсаттылықпен жүргізу үшін жаттығу тапсырмаларын береді. Соның біреуін мысал ретінде келтіріп өтейік:

- Дидактиканың өзекті мәселесі туралы қандай ой-тұжырым бар?
- Оқыту мазмұны жөнінде нені еске сақтау керек?
- Жоғары оқу орны қандай талаптар жүйесінде құрылуы қажет?
- Бүгінгі жоғары оқу орны түрлерінің маңызы бар ма?
- Кәсіптік білімнің берері не?
- Қандай құжаттар арқылы оқытудың мазмұны айқындалады?
- Оқу жоспарының ерекшелігі неде?
- Әр бағдарламаның соңғы нәтижеге жеткізер мүмкіндігі бар ма?

- Қалаған бір оқулыққа талдау жасай аласыз ба?
- Бүгінгі білім заңының мәні, алатын орны қандай?

Осы жаттығу арқылы оқытушылардың танымдық деңгейліктеріне баға беріліп, шығармашылық, шебер, орта дәрежедегі оқытушылық жұмыстың құрылымы жинақталып, ол жоғары оқу орны құжаттарының негізіне айналды.

Жалпы ұжымның жұмысы төмендегідей блоктарға жіктеледі:

I. Дидактика нысанасының жүйесі:

- білім мазмұнының жүйесі;
- оқу жоспары, тұжырымдама, жарғы, заңы, бағдарлама, оқулықтар, қосымша әдістемелік нұсқаулар т.б.;
- білім мазмұнының өлшемдері;
- әр пәннің ішкі мазмұны.

II. Оқу барысының маңызы:

- жалпы оқу барысының сипаттамасы;
- таным, ойлау әрекетінің әдіснамалық негізі;
- студенттердің ақыл, ой-парасат деңгейінің даму ағымы;
- оқытудың мазмұны мен ішкі-сыртқы қозғаушы күші;
- оқу барысының талдамасы;
- оқыту сарыны.

III. Оқытудың заңдылықтары, қағидалары, ережесі:

- оқытудың заңдылығы;
- оқытудың принциптері мен ерекшеліктері;
- оқытудың мазмұны мен негіздеу қағидалары.

IV. Оқытудың әдіснамасы:

- әңгіме әдісі: түсіндіру әңгімелесу; оқулықпен жұмыс;
  - көрнекілік әдісі: байқау, көру;
  - тәжірибелік: жаттығу, оқу-тәржімелік, шығармашылық.
1. Оқыту әдістері мен технологиялары нәтижеге бағдарлау:
    - алгоритмге түсіру (ретін);
    - оқытудың бағдарламалау тәсілі.
  2. Студенттердің оқу әрекетіндегі шығармашылық құлшынысын ояту.
    - қатыс (коммуникация) құралдарынан қажетін жинау;
    - әдістері, технологияларды саралау.

IV. Студенттермен жүргізілетін оқыту әдістерге ұйымдастырудың түрлері:

1. Оқытудың дамыта жүргізілуінің түрлері.
2. Сабақтың үлгісі және құрылымы.
3. Саяхат сабағы.
4. Нақтылы заттарға сүйену сабағы.
5. Сабақтың тиімділігін арттырудың жолдары:
  - ойын;
  - әсемдік пен қызығу сезімін ояту.
6. Үйге берілетін тапсырманы ұйымдастыру.
7. Қосымша сабақ өтудің әдісі.
8. Оқытушының сабаққа әзірлігі.

Қорыта айтқанда оқу орны басшысы мен оның орынбасары жоғары оқу орнын басқаруды нәтижеге бағдарлаудың сұрыптап алғанын аңғарғандаймыз.

Жоғары оқу орнын басқарудың баяндылығы өзіне ыңғайланған мемлекеттік қалыпқа негізделі құрылған құжаттарына тікелей байланысты. Сол себепті жоғары оқу орнының басқару ісіне қажетті құжаттардың құрылым-жүйесіне тоқталып өткен артық болмас.

## References

- 1 Balasagun Zh. *Kutty bilik*, Almaty: Zhasushy, 1986, 72 p.

- 2 Kunanbayev A. *Favourites*, Vol. 2, Almaty: Zhasushy, 1968, p. 64.
- 3 Аумауытов Ж. *Psychology*, Almaty: Rauan, 1995, p. 123.
- 4 Zhumatayeva Ye. *Didactics of the higher school*, Pavlodar: EKO printing house, 2006, p. 54.
- 5 Zhumatayeva Ye. *Complete system of training of didactics at the higher school*, Almaty: Nauka, 2001, p. 81.

Д.К.Сапабеков

**Формирование законов и принципов искусства мышления  
у студентов высшего учебного заведения**

В статье рассмотрены законы и принципы формирования искусства мышления у студентов вуза. Отмечено, что приоритетом первой закономерности искусства мышления является проблема нахождения путей роста и развития национального сознания в содержании образования. Вторая закономерность предлагает исследование с новой, философской точки зрения содержание образования и обучения. Предложены индикаторы и критерии осуществления названной концепции. Установлено, что это является движущей силой для определения основной и дополнительной внутренней ценности содержания образования.

D.K.Sapabekov

**Formations of laws and the principles of art of thinking  
at students of a higher educational institution**

This article discusses the laws and principles of formation of art thinking in university students. Priority of the first regularity of art of thinking is problems of finding of ways of growth and development of national consciousness in the content of education. The second regularity offers research from the new philosophical point of view is a content of education and the content of training. Indicators and criteria of implementation of the called concept are offered. It is a driving force for determination of the main and additional internal value of the content of education.